Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 159-160

ҚОЙ ТАБЫНЫНЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қарсыбек Н.

Қазіргі кезде Қазақстанның қой өсіретін әртүрлі қожалықтағы шаруашылықтарында қой өнімін өндіру технологиясы жайылымдары экстенсивті пайдалануаға негізделген және қол еңбегінің басымдылығымен, қарапайым технологияның қолданылуымен сипатталады.

Табында қошқарлар өздерінің асылтұқымдық және өнім сапасы жағынан саулық қойлардан артық болуға тиіс. Олар өздерінің сол жақсы сапаларын ұрпаққа беруге қабілетті болуға тиіс. Мұның өзі алынған төлдер үнемі жақсара беруі, сүйтіп бүкіл табынның өнімділігін жоғарылату қажет.

Қой қозысын 145-155 күнге дейін, яғни орта есеппен алғанда, 150 күн шамасында көтереді. Қой саулығын сәуір-мамыр айларында қоздату үшін, оны қараша-желтоқсан айларында ұрықтандыру керек. Қыста қоздату үшін тамыз-қыркүйек айларында ұрықтандыру керек. Қыста қоздату үшін тамыз-қыркүйек айларында қашырылады.

Қойды қыста қоздатудың мынадай артықшылықтары бар:

а) қойды қыста қоздату үшін, оларды күзде тамыз-қыркүйек айларында, яғни көптеген шаруашылықтарда қой әлі де жайылымда бағылып, қыстағыдан гөрі күйлірек болатын кезінде ұрықтандырылады. Осының арқасында қыста қоздату жағадайында қойдың төл өсімталдығы көктемде қоздау кезіндегіден 10-15% жоғары болады;

б) қыста туған қозылар жайылымның көктемдегі құнарлы жақсы шөптерін толық пайдаланады, өйткені жайылымға шығар қарсаңында олар әбден отығып, көлемді азықтар мен шығынды азықтарды жей бастайды, ал бұл кезде көктемде туған қозылар тек енесінің сүтімен ғана қоректенеді. Осының арқасында қыста туған қозылар тезірек өсіп, жақсы марқаланады, сөйтіп қысқа қарсы әбден жетіліп келеді.

Бірақ қойды қыста қоздату үшін білгілі бір жағдайлар, әсіресе мынадай жағдайлар керек:

а) саулық қойлар үшін кең, жарық және жақсы жылытылған қоралар, сонымен қатар жеткілікті мөлшерде құрал-саймандар болу керек.

б) қойларды алуан түрлі құнарлы азықтармен қамтамасыз ету үшін оларға арналған жақсы сапалы мал азығы жеткілікті мөлшерде болуға тиіс.

Осы жағдайлар болмаған күнде қойды қыста қоздату деген қой басын айтарлықтай кемітуге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қойларды көктемде қоздату үшін қоралар мен мал азықтары онша көп қажет болмайды, өйткені бұл кезде қозылы қойларды жас қозылармен қоса жайылымда бағуға болады.

Қой табынының ұдайы өсуі оларды қолдан ұрықтандыру немесе қолдан қашыру технологиясының сапасына байланысты. Қойларды қолдан ұрықтандырудың қой басын тез және жаппай жақсартуда ерекше зор маңызы бар. Қолдан ұрықтандыру асыл тұқымды қошқарларды мейлінше толық пайдалануға мүмкіншілік береді, сонымен қатар бұл шаруа қожалықтарының қошқарларға мұқтаждығын кемітеді және мұның қолдан қашыртудан бірқатар артықшылығы бар.

Қазіргі кезде саулықтарды қолдан ұрықтандыру тек қана асылтұқымды шаруашылықтарда жүргізіледі, ал жеке қожалықтарда негізінен қолдан қашыру кең етек алған. Қойларды қолдан қашырудың табысты болуы олардың қоңдылығына және денсаулығына байланысты. Нашар азықтандырылған, қоңы төмен мал рациондағы қоректік заттарды 3-4 апта бойы шәует құрауға және жыныс мүшелерінің қызметіне жұмсамай салмақ қосуға ғана жұмсайды. Дені сау, қоңы жақсы саулықтардың жақсы ұрық қабылдайтынын білетін тәжірибелі мал мамандары қозыларды енесінен қолдан қашыруға 1,5-2 ай қалғанда бөледі. Саулықтарды күні бұрын оларға бөлінген жақсы жайлымдарға көшіреді. Мұндай жайылымда саулықтардың қондылығы артып қана қоймай, олардың күйіне келуі де қалыптасады. Сонымен қатар тұқымдық қошқарларды да жыл бойы жақсы азықтандырып, қой қашыру науқанына шамамен 1,5-2 ай қалғаннан бастап, қолдан қашыру науқаны аяқталғанша қоректілігі жағынан қуатты арнайы рационға көшіреді.

Қазіргі кезде қой қоздатудың қолайлы мерзімі наурыз немесе көктемнің ортасы болып саналады. Қойдың саны көп қожалықтарда қоздайтын қойлардың біразын қыста, біразын көктемде төлдеткен қолайлы болады. Мұндай жағдайда қой қоздату, төл қабылдау жұмысына керекті жұмысшылар саны кемиді және қоралар мен құрал-саймандар тиімдірек әрі толығырақ пайдаланылады. Қолдан қашыру жұмысы төмендегіше ұйымдастырылады: қашырылуға тиісті саулық отарына қажетті мөлшерде тұқымдық қошқарлар мен күйекті қошқарлар белгіленуі керек. Белгіленген қошқарлардың саны, әдетте 100-150 саулыққа бір қошқардан, ал күйекті қошқарлардың саны 80-100 саулыққа бір қошқардан тағайындалады. Күйлеген қойларды іріктеп алу жұмысы күн сайын жүргізіліп отырады. Күйлеген саулықтарды қашыру үшін арнаулы станоктар қолданылады. Әрбір 500-600 саулық табынына екі станок орнатылады.

Қойды қолдан қашыру және қолдан ұрықтандыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізудің аса маңызды шарты – күйлеген саулық қойларды күн сайын мұқият іріктеп алу және оларды уақытылы ұрықтандыру болып табылады.

Ғылыми жетекшісі – а.ш.ғ.д., профессор С. Шәуенов